

Шымкент қаласы бойынша бюджет қаражатының көлемдері шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Мерзімі біткен

Шымкент қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 27 қаңтардағы № 140 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 қаңтарда № 26667 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 7-4) тармақшасына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласы бойынша бюджет қаражатының көлемдері шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны Шымкент қаласының әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Ш. Мұқанға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Айтенов

Шымкент қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 27 қаңтардағы
№ 140 қаулысымен бекітілген

Шымкент қаласы бойынша бюджет қаражатының көлемдері шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Қосымша білім беру бағыттарының түрлері	Білім алушылардың немесе тәрбиеленушілердің саны	Айына бір білім алушыға немесе тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (топ), теңге	Айына бір білім алушыға немесе тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (жеке), теңге	Айына бір білім алушыға немесе тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар), теңге
1	Көркем	6137	14 349	-	46 078

2	Ғылыми-техникалық	2133	14 349	-	46 078
3	Көркемдік және эстетикалық	3552	14 349	-	46 078
4	Туристік-өлкетану және экологиялық	1965	14 349	-	46 078
5	Музыкалық-аспаптық	6327	14 349	39 156	46 078
6	Әлеуметтік педагогикалық	3510	14 349	-	46 078
7	Дене шынықтыру-спорттық	2129	15 150	-	46 078
	Барлығы	25 753			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК